



СҰЛТАНМАХМУТ ТОРАЙҒЫРОВ

Орындаған Нұрғалиев
Қолдас



***Сұлтанмахмұт Торайғыров – қазақ
халқының
перзені, ақын, лирик, болашақты
болжаушы,
сатирик, ойшыл, талант иесі, дара
тұлға.***

*С.Торайғыров – қазақ тарихында
ой санасы ең қырағы, ең қанатты,
ең қазыналы қайраткерлердің бірі.*



- *С. Торайғыров – қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы*
- *аса көрнекті ақыны, ғажайып ақыл-ойшысы. Ол – ұлы*
- *Абай дәстүрін жалғастырушы. Ол – қазақ халқының*
- *ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті аталатын тұтас*
- *дәуірдің айрықша ұлы тұлғасы.*

-
- Сұлтанмахмұт Торайғыров қазақ поэзиясына айтарлықтай үлес қосты, оның өлеңдері қазақ әдебиетінің асыл қазынасы енді, бірнеше ұрпақтың игілігіне айналды.
 - Сұлтанмахмұт Торайғыровтың шығармашылығы еркін қоғам туралы асқақ арманға қанық. Оның болашаққа ұмтылған әдеби мұрасы өсіп келе жатқан ұрпақты патриотизм мен Отанға деген махаббатқа тәрбиелеудің адамзаттық мәніне ие.



- Жақсылық көрсем - өзімнен,
Жамандық көрсем -
өзімнен.
- Тағдыр қылды деулерді,
Шығарамын сөзімнен.
- Мына сөздерден қайсарлық пен
табандылыққа ұласқан
ақындық мінезді көреміз.
- Ол нені айтсада қарабайыр
айта алмады. Таусылып жеріне
жеткізе оқырманын иландыра
айтады.

Біз Сұлтанмахмұттың кім екенін
білдік, енді оның өмірі мен
шығармашылығына
тоқталайық.....



Ол 1893 жылдың 28 қазанында Көкшетау облысының Қызылту ауданында туған. Оның әкесі Шоқпыт (шын аты Әбубәкір) атанған кедей, момын шаруа адамы болған. Шоқпытта екі баласы болған: Байқоңыр, Сұлтанмахмұт. Сұлтанмахмұттың екі жасында шешесі өліп, жетімдікті көріп өседі. Әкесі әйелі өлген соң балаларын алып, өзінің туған жері Павлодар облысының Баянауыл ауданына көшеді. Ақынның балалық шағы Баянауылда өтеді. Алғашқыда ол Әлі, Тортай, Мұқан деген ауыл молдаларында оқиды. 1908 жылы Сұлтанмахмұт Баянауылдағы Әбдірахман деген молданың медресесіне түсіп, одан 2-3 жыл сабақ алады. Молданың ұрып – соғуына шыдай алмай, ол оқуды тастап кетеді. Молданың қаталдығын, надандығын сықақ етіп өлең шығарады.

-
- Ол 1911 жылы бір қыс бойы Нұрғали Бекбауов деген мұғалімнен оқиды. Нұрғали жаңаша оқыған, көзі ашық, сауатты мұғалім болған. Оның көмегімен Сұлтанмахмұт қазақ, татар тілдерінде шыққан әдеби кітаптарды, газет – журналдарды оқуға дағдыланады.

Асқақ арман жетелеген ақын 1912 жылы қараша айында оқу іздеп Троицк қаласына барады. Троицк медресесіне түскен, білімге шөліккей жеткен ынталы шәкірт “іздегенім табылды, енді дегеніме жетем, халқыма жұлдыз емес, ай емес, Күн болам” деген ойға келеді. “Шәкірт ойы” өлеңі осы кезеңде туған.



ШӘКІРТ ОЙЫ

- Қараңғы қазақ көгіне
- Өрмелеп шығып, күн болам.
- Қараңғылықтың кегіне
- Күн болмағанда кім болам?
- Мұздаған елдің жүрегін
- Жылытуға мен кірермін.
 - Еңбек, бейнет тарауы
 - Рақатқа сарқырар.
 - Қыздырып күннің қарауы,
 - Надандық теңізі тартылар.
 - Орны отайып көгерер,
 - Қызығын жайлап ел көрер.

Қараңғы қазақ көгіне күн болу. Мұздаған
елдің жүрегін біліммен жылыту. Елінің көзін
ашу, көкірегін ояту, надандықты жою.
Халқын қараңғылықтан алып шығып, өзге
елдермен теңестіру.

мейірімділік

Жақсы
мен
жамандықты
айыра
білу

Еңбекқорлық

“Шәкірт ойы”

Адамгершілік

Өнер-білімге
ұмтылу

Ақылдылық

Кішіпейілділік

- Сұлтанмахмұт өмір сүрген кезең ХХ-ғасырдың бас кезі-Ресей топырағындағы ең бір дүр сілкіністің, азаттық үшін арпалыстың кезеңі болды. Бірімен-бірі қабаттасқан үш бірдей төңкеріс патшашылдық биліктің тас-талқанын шығарды. Отаршылдық езгінің әлсіреуі ұлттардың оянуын тездетті. Саяси жағдай ұлттық сананың оянуына себепкер болған төменде айтып кеткен үш төңкеріс, ол Ресейдегі 1905-1907 жылдары және қазақ даласындағы патшаға қарсы 1916 жылғы қозғалыстар, 17-ші жылғы Ақпан төңкерісі. Ақынның бел шеше жазу ісімен айналысқан кездері де осы бір шытырман жылдар еді. Ол мәдениеті озық елдердің жоғары жетістіктерін уағыздап, жаңалық жаршысы бола білді. Сол себептен ақын «Бүгіндегі жастарға оқу міндет, бар қиындық тек қана ғылым жеңбек» деген үлкен ойдың қажырлы көрінісіндей жыр жолдарын өз оқырмандарына жолдады.

-
- Сұлтанмахмұт шығармаларын жинау, бастыру, зерттеу ісінің де ұзақ тарихы бар. Ақынның өз басы да, әдеби мұрасы да дау-дамайға көп түскені мәлім. Осындай уақытта ақынның кейбір өлеңдері жоғалды, табылғаны дау туғызды. Қолда барының кейбірі ұлтшылдық қарғыс таңбасы басылып, қайта жабылды. Сондай шығармасының бірі- «Айтыс» (қала ақыны мен дала ақынының айтысқаны) аталатын дастаны. Бұл-аяулы ақынның кемел ойлап, кең пішкен шығармасы. Аяқталмауы өкініш.

-
- «Айтыс» С.Торайғыров қайтыс болғаннан кейін, советтік заманда- 1922 жылы Қазан қаласында белгілі ақын Бернияз Күлеев бастырған «Адасқан өмір» және 1933 жылы Қызылордада шыққан «Сұлтанмахмұт Торайғырұлының толық шығармалар жинағы» кітаптарында жарияланды.

1933 жылы ақын жинағын Жүсіпбек Аймауытов баспаға дайындады. «Сұлтанмахмұт өлген соң (1920ж) оның шығармаларын он жыл бойы жинап – теріп, баспаға әзірлеп, өмір тарихын жазған Ж. Аймауытовтың еңбегі айрықша екенін баса айту керек.

СҰЛТАНМАХМҰТ ӨЛЕҢДЕРІ

Асыл сөз А, дүние

□

Бұлар кім?

□ Біреу бай, біреу жарлы

□

Бір балуанға қарап

Бір баланың тілек батасы

□

Бір адам көп жасады жер бетінде

□

□ Бір адамға

□

Барлық ісім қырын қарап

□

□ Балалық күн

□

□

Мен- қазақ

Шығамын тірі болсам адам болып

1914 жылы революцияға кейінгі кезеңнің ең үздік туындысы «Қамар сұлу» романы жарық көрді. «Қамар сұлу» романы қазақ әдебиетінде мәні зор туындылардың бірі.



- Жазушы Сұлтанмахмұт Торайғыровтың “Қамар сұлу” романын басшылыққа ала отырып басқада ақын – жазушылардың шығармаларымен салыстыра отырып, кейіпкерлер портретін, мінез – қылығын сол сияқты тағы басқа қырынан ашуды жөн көріп отырмыз. С.Торайғыровтың осы тұста жазған алғашқы эпикалық туындысы «Қамар сұлудың» да негізгі тақырыбы. Бұл тұрғыдан оны әлеуметтік роман есебінде қарауға әбден болады. Автор роман сюжетін қазақ әйелінің теңсіздіктегі күйін көрсетуге құрғанмен, сол оқиғаға байланысты бүкіл қазақ қоғамының тіршілігін, ұғым-нанымын терең бейнелейді, ескі ауылды құрт аурудай жайлап есеңгіреткен, тоздырып бара жатқан әдет – ғұрыптың кертартпа жақтарын әшкерелейді.

-
- «Адасқан өмір», «Кедей» поэмаларының негізгі сарыны қоғамдағы әділетсіздік себептерін ашу, теңдікті іздеу болып табылады. Ақын бұл жайларды қазақ ауылы шеңберінен шығып, капиталистік қоғамға тән мәселелер ретінде қозғайды.

-
- Сұлтанмахмұттан зор әдеби мұра қалды. Бұл халқымызға қалдырған ақынның аманаты. Сол мұраны қадірлей білуіміз, оның алтын нәрін ала білуіміз керек. Шығармалары халықтың рухани өміріне терең қабысқан ақын мұралары әрбір оқушыға қымбат, әрі сүйікті. Сұлтанмахмұтқа берілген ең үлкен баға да осы. Мұндай сүйіспеншілікке әдебиеттің асқан алыптары ғана ие бола алады. Сол алыптың бірі – қазақтың халықтық, классик ақыны – Сұлтанмахмұт.

Соңы